

Жарқамыс ауылы

Жарқамыс – Сырым ауданы, Бұлдырты ауылды қ округіндегі елді мекен атауы. Жарқамыс деп биік болып өсетін қамысты атайды. Ерекшелігіне байланысты берілген негізгі тікелей атау.

Жарма немесе Жарматай – бұл да тарихи оқиғаға негізделген жер атауы. Ол туралы – «Бұл далада не көп, сай- сала, өзен-көл, қырат көп. Соның көбіне ел өзінше атау берген. Бірақ, бүгінгі көз көріп, құлақ естуге дәт шыдымас уақиғаға куә болған осы төбенің атауы жоқ-тын. Содан бері бұл «Жарма» аталады»- деп М.Есламғалиұлының «Зерлі тонында» айтылады. Есенгелдінің оралмаған жалғыз тайын сойып жеген жылқышы жігіттің қарны жарылған жер еді бұл. Тап басып айту қиын болса да, осы бір болжам шындыққа жанысымды болып келеді.